

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ мектепалды даярлық тобы балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша 2023-2024 оқу жылындағы 5-6 жасарлардың мемлекеттік стандартты игеру «Бастапқы» мониторингісі

Қатысқан балалар саны: 20-100%

Мерзімі: (01-10) Қыркүйек айы 2023 жыл

Мақсаты: Балалардың білім-білік, дағдыларын бақылай отырып, даму деңгейлерін динамикалық өсуін анықтау.

Мәліметтер төмендегі әдістемелер негізінде жүзеге асырылды.

-Баланың дамуын жүйелі үздіксіз бақылау

-Ойын арқылы дамыту орталары (ұлттық, үстел үсті, дидактикалық, сөздік т.б)

-Диагностикалық жағдайлардың шешімі

-Баламен жеке тілдесу, әңгімелесу

Жалпы 0 даярлық сыныбында 20 бала қатысты

Бақылау оқу жылының бастапқы 1-10 қыркүйек аралығында күнделікті

ҮІӨ-ң барысында балалардың дербес іс-әрекеттерін бақылай

отырып, баланың жеке бақылау парағы нәтижесінде жүзеге асырылды.

«Физикалық қасиеттері»

Балалар спорттық ойын элементтерін меңгерген, гимнастикалық жаттығулар

кешенін орындай алады, негізгі қимылдардың алуан түрлерін орындауда

сандық және сапалық көрсеткіштерге ие, қозғалыс ойындарында ойын

ережелерін сақтайды, жүру, жүгіру, сап түзу, саппен жүру бағыттарын

орындайды. Гигиеналық шараларды дербес орындайды. Шынықтыру

шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді.

Төмен деңгей-30%

Орта деңгей-40%

Жоғары деңгей-30

Ұсыныс: Балалар бір-бірімен командалық ойындар көбірек ойнату. Оң және

сон қолдармен зағтық жаттығулар орындату

«Коммуникативтік дағдылары»

Балалар сурет бойынша өз ойларын байланыстырып жеткізуге

тырысады. Тақпақтар, шағын ертегілерді айту барысында дыбыстарды анық

айта алады, интонацияны игерген сөздерге дыбыстық талдау

жасайды, әңгімелер, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер жас ерекшеліктеріне сай

біледі. Буынға бөледі, сызықтар, штрихтар, элементтерді жаза алады.

Төмен деңгей-40%

Орта деңгей-40%

Жоғары деңгей - 20%

Ұсыныс: Балалардың дыбыстарды анық айтуына және сөйлемді

байланыстырып сөйлеуге, сұраққа толық жауап беруіне көбірек назар аудару

«Танымдық дағдылары»

Балалар отан, отбасы, қоршаған орта, тірі-өлі табиғат, кеңістікті бағдарлау 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды, пішіндерді, түстерді, үлкен-кіші, биік-аласа, қалың-жұқа, ауыр-жеңіл, ұзын-қысқа сияқты тағыда басқа ұғымдарды жас ерекшеліктеріне сай айта алды. Сонымен қатар құрастырма бөлшектері, пазылдар, қима құрақ бөліктерді де реттілігімен орындай білді. Жалпы заттарды, сандарды салыстырады, ерекшеліктерін, айырмашылықтарын, сипатын, сынын, көлемін аңғара алады, ажыратады. Сонымен қатар, осы сала бойынша төмен деңгейлі (Солтан А, Аманжолқызы Р, Мұхит И,) сандарды санауда, 10 көлемінде есептеуде, кеңістікті бағдарлауда, салыстыруда қиналады. Себебі ерке қырсық мінезінде деген пікірдемін. Кейбір ҰІӨ-нен жақсы көрсеткіштерге ие.

Төмен деңгей-40%

Орта деңгей-30%

Жоғары деңгей- 30%

Ұсыныс: Балалардың заттарды кеңістікте үйлестірі білуіне салыстырмалы түрде ерекшеліктерін аңғаруына көбірек жұмыс жасау.

«Шығармашылық іс-әрекет дағдылары»

Балалар сурет салуға, қиып жапсыруға ермексазбен, тұзды қамырлармен, түрлі түсті бояулармен жұмыс жасауға, ұжымдық жұмыс жасауға өте қызығатындығы көрінді. Өнер, қолөнер, көркемдік, әсемдік ұғымдарын түсінеді. Қайшымен жұмыс жасай алады, кез гелген жабдықты үйлесімді пайдалана алады, қауіпсіздік ережелерін сақтай алады.

Төмен деңгей-30%

Орта деңгей-50%

Жоғары деңгей-20 %

Ұсыныс: Дауыс ырғағына, әуеннің дауысына сай дауысты ұстай білуіне жұмыс жасау.

«Әлеуметтік дағдылары»

Балалар біршама тәртіп ереже деген ұғымдарды біледі, дегенмен ойын балалары болғандықтан жас ерекшеліктеріне сай ұзақ уақыт тәртіпке, ережеге бағынып отыруы мүмкін емес. Өз орынын, өзін ортада ұстауды, қонақта, мектепте, отбасында, көшеде, кітапханада тағыда кез-келген қоғамдық орындардағы мәдениеттілік ұғымдарын біледі, түсінеді орындауға тырысады. Қамқорлық, құрмет пен іззеттілік туралы түсініктері бар орындайды, тырысады. Сондай-ақ, осы сала бойынша төмен деңгейдегі балалар (Солтан А, Аманжолқызы Р, Мұхит И, Жолдасбек Е,) баланың ата-аналарымен әліде тығыз байланыста болу қажет. Себебі, өте ерке, өзімшіл, жыбырлақ, тез ашуланады да ашуы тарқауы қиын және де кекшіл.

Төмен деңгей-40%


Орта деңгей -30%

Жоғары деңгей-30 %

Ұсыныс: Мақсатты түрде балалардың жоғарғы адамгершілік құндылықтарының дамуына жұмыс жасау.

Қорытынды: 0 сынып балалары жүйелі және жоспарлы жұмыстар нәтижесінде 2023 жылдың 01-10 қыркүйек аралығындағы «Бастапқы» бақылау нәтижесі мемлекеттік стандартты игеру деңгейі нормасына сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылының «Бастапқы» мониторинг көрсеткіші



| Бастапқы 01-10.2023ж | I деңгей | II деңгей | III деңгей |
|-----------------------|----------|-----------|------------|
| Физикалық қасиеттер | 30% | 40% | 30% |
| Коммуникативтік дағды | 40% | 40% | 20% |
| Танымдық дағды | 40% | 30% | 30% |
| Шығармашылық дағды | 30% | 50% | 20% |
| Әлеуметтік дағды | 40% | 30% | 30% |

Директор



Тауекелова А.Д